

Бекітемін:

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі

Ажигулова А.К.

**2023 -2024 оқу жылына арналған балалардың танымдық іс-әрекетін
дамыту және түзету тақырыптық –күнтізбелік жоспары**

Айы	Күні	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы
Қазан	06	1	«Біздің көңіл-күйіміз»
	13	2	«Аңдар»
	20	3	«Біздің эмоциялар»
	27	4	«Мұхитқа саяхат»
Қараша	03	5	«Табиғатқа саяхат»
	10	6	«Шағала»
	17	7	«Табиғат кереметі»
	24	8	«Ит адам досы»
Желтоқсан	01	9	«Қарым-қатынас жасайық»
	08	10	«Қоршаған орта және біз»
	22	11	«Мен қандаймын?»
	29	12	«Табиғат құбылыстары»
Қаңтар	05	13	«Бауырсақ»
	12	14	«Жақсылық жасайық»
	19	15	«Үлкендер әлемі»
	26	16	«Мен спортшымын»
Ақпан	02	17	«Менің бос уақытым»
	09	18	«Емхана»
	16	19	«Неден кейін не?»
	23	20	«Елестету»
Наурыз	01	21	«Сәлемдесу»
	15	22	«Хайуанаттар бағы»
	29	23	«Дос болайық бәріміз»
Сәуір	05	24	«Қорытынды сабақ»
	12	25	«Суретшіге көмектес»
	19	26	«Ақылды саусақтар»
	26	27	«Бірдей заттар»

Балалармен жүргізілген жұмыстар



**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№1 «Біздің көңіл-күйіміз»**

Күні: 06.10.2023ж

Тобы: Аралас ересек «Айгөлек»

Мақсаты: Адамның эмоциональді қалыптағы жағдайларын тани білуге, оларды жеткізе білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: «Бауырсақтың» эмоционалді қалыптағы схемелық бейнелері бейнеленген конверттер, айна, қағаз, қарындаштар.

I. «Шаршылар салайық» тыныс алу жаттығуы.

1. Мұрын арқылы баяу әрі терең тыныс ала отырып, қолымызды алдыға қарай тік баяу нық денгейіне дейін көтереміз.

2. Демімізді шығармай, ұстап тұрамыз.

3. Одан кейін алақанымызбен көз алдымызда шаршы бейнесін сала отырып, демімізді баяу шығарамыз.

II. Психологиялық ойын «Менің көңіл-күйім» жаттығуы

Алдарындағы бланкіге өз көңіл-күйлеріңді суреттеп салындар

III. «Айна» ойыны.

Ойын барысы:

Балалар, сендер – «айна» боласындар. Ал мен «айнаға» қарап, сендерден менің бет - әлпетімдегі қалыпты сұраймын:

а) Балалар еш көмексіз өз беттерімен табады.

б) төмендегі сөйлемдерге сүйенеді.

Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Далада жаман ауа – райы болғанда мен көңілсіз боламын.

Маған күлкілі оқиға айттым.

Мен найзағайдан қатты қорқамын.

Мен қатты ашуландым.

«Айна» тек қана бет - әлпеттің қалпын айтып қана қоймай оны дәлме – дәл көрсетіп жеткізуі тиіс.

III. Ым – ишара түрінде берілген эмоциональді қалыптардың сызбамен сәйкестігі.

1. Әр бала «бауырсақтан» эмоциональді қалып бейнеленген сызба сурет бар конверт алады.

2. Суретке мұқият қарап бауырсақтың қандай жағдайда бейнеленгенін атап, анықтаулары керек.

IV. Эмоционалды қалыптың сызбасын еске түсіріп салу керек./әр бала өз конвертіндегі қалыпты/

Бауырсақ суретте қандай болғанын еске түсіру.

Бала осы эмоцияны көрсетуі керек.

Қағаздағы сызбаны атауы керек.

X. Рефлексия. «Күн шуақ» балалар сабақтан алған әсерімен бөлісу.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№2 « Аңдар»

Күні:13.10.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Әнші» тыныс алу жаттығуы.

а) Терең тыныс алу. Қолымызды баяу жоғары көтереміз.

Б) Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.

В) А-А-А дыбысын дауыстау арқылы демімізді шығарамыз және қолымызды баяу түсіреміз.

г) Демімізді ішке тартамыз.Қолдарымызды жанға қарай иық деңгейіне дейін көтереміз.

д) Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.

е) О-О-О дыбысын қатты дауыстау арқылы демімізді баяу шығара

отырып,қолдарымызбен екі иығымызды қапсыра құшақтап басымызды төмен түсіреміз.

ж) Баяу терең тыныс ала отырып қолдарымызды кеудеміздің деңгейіне дейін көтереміз.

з) Демімізді ұстап тұрамыз.

и) У-У-У дыбысын қатты дауыстау арқылы қолдарымызды ақырын төмен түсіреміз.

II. Ойын: «Ненің, ненікі»

Ойын барысы:

Жабайы хайуанатты еске түсіріп, атын атаған бала соған сәйкес суретті алады.

Одан кейін өз хайуанатының атынан басқа балаларға сұрақтар қояды.

Үлгі:

«Түлкі» /бала/ сұрайды: Балалар жауап береді:

Ненің құйрығы? Түлкінің құйрығы

Құлақтар ненікі? Түлкінікі

III. « Аңдар» ойыны. Қиын- қыстау кезеңде көмекке келуге тәрбиелеу.

Ойын барысы:

Топтағы барлық балалар ойнайды. Олар батпаққа түсіп қалған «аңдар» рөлін ойнайды.

Балалардың әрқайсысында үш тақтайша (парак қағаздар) бар. Батпақтан тақтайшаның көмегіңсіз және жалғыз өзі шығуға болмайды. Аңдардың бірінің тақтайшаларының екеуі сынып батып кетті. Енді ол аңның өзі батып кетпеуі үшін оған көмекке серіктесі келеді.

Осы серіктесі оны құтқару үшін тез әрі жылдам ойланып іске кірісуі керек. Құтқарушы және жәбірленуші рөлінде әр бала ойнауы шарт. Көмек көтсету әрекеті құтқару жолдарына байланысты бағаланады.

IV. «Шөп» жаттығуы.

1. Қолдарымызды екі жанымыздан жоғары қарай баяу көтереміз.

2. Күнге ұмтылған шөп сияқты жоғарыға керілеміз, яғни мейлінше созыламыз.

3. Желмен тербелген шөп тәрізді алдымен оңға, солға содан кейін алдыға-артқа тербелеміз.

4. Қолымызды баяу түсіреміз.

X. Рефлексия. Өзінің көңіл-күймен бөлісу.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№3 «Біздің эмоциялар»

Күні: 20.10.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Елестетуді дамыту. Эмоционалды қалыпты ұзақ есте сақтауды дамыту.

Тыныс алу жаттығуы «Шаршылар салайық»

1. Мұрын арқылы баяу әрі терең тыныс ала отырып, қолымызды алдыға қарай тік баяу иық деңгейіне дейін көтереміз.

2. Демімізді шығармай, ұстап тұрамыз.

3. Одан кейін алақанымызбен көз алдымызда шаршы бейнесін сала отырып, демімізді баяу шығарамыз. Төмендегі үлгі бойынша эмоцияға байланысты сөйлем құрау.

Үлгі: Сауле көңілсіз

Арман ашулы

Қанат көңілді. т.б.

«Неге» ойыны.

Неге деген сұраққа байланысты құрылған сөйлемге эмоциялық сараптама жасау жаттығуы.

Үлгі бойынша сөйлемдермен келісім.

Қанат көңілді, себебі оған күшік сыйлады.

Арман ашулы, себебі оны біреу лай суға итеріп жіберді.

Сауле көңілді, өйткені оның қуыршағы сынып қалды.

Осы үлгі бойынша әрбір балаға сөйлемдер ойлап табу.

Неге деген сұраққа жауап ретінде эмоционалды қалыптардың сызбалары бойынша жауап беру.

«Шөп» жаттығуы

Электрондық дидактикалық ойын «Төртінші артық»

IV. Ойын: «Тастарды сыйға тарту ет»

Психолог: Балалар, қане мына қораптың ішінен барлығың бір-бір тастан алып, оны кімге сыйлағыларың келеді сол адамға мынадай сөздерді міндетті түрде: «Мен бұл тасты саған сыйлаймын, себебі сен ең...» деп айтып сыйлауларың керек. Ешқандай сыйлық тас алмаған балаларға жүргізуші сол баланың жақсы қасиеттерін айта отырып тасты өзі сыйлайды.

Рефлексия. Сендер бүгін не үйрендіңдер.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№4 «Мұхитқа саяхат»**

Күні: 27.10.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Есту зейінін, эмоциональды есте сақтауды, эмоциялық қалыпты табиғат құбылыстарымен сәйкестендіре білу қабілетін дамыту. Елестету қабілетін жетілдіру.

I «Шағала» жаттығуы.

1. Мұрын арқылы баяу әрі терең тыныс алыңдар.
2. Қолымызда нық деңгейіне дейін көтеріп, демімізді ұстап тұрамыз.
3. Оң аяғымызды бүгіп, көзімізді жұмып тепе-теңдік сақтауға тырысыңдар.
4. Баяу әрі терең тыныс шығару арқылы қол аяғымызды түсіреміз. Көзімізді ашамыз.
5. Қайтадан терең тыныс алу арқылы, қолымызды нық деңгейіне дейін көтеріп, тынысымызды шығармай ұстап тұрып көзімізді жұмамызда сол аяғымызды бүгіп тұрамыз.
6. Көзімізді ашпай, мұрын арқылы демімізді шығарамыз. Қолдарымызды түсіреміз, аяғымызды жазамыз.
7. Көзімізді ашайық.

II. Көзімізді жұмған күйі жерде еркін жатып мұхиттағы дауылдың, шағалалар шуылын, толқындардың дыбысын тыңдаймыз. Естіген дыбыстарды тауып, атаймыз.

1. Естіген дыбыстарды адамның көңіл-күйімен сәйкестендіреміз.
 1. Адамның қандай көңіл-күйіне теңіздің қандай дыбысын сәйкес келетінін табу.
 2. Осы қалыпты айнаға қарап көрсету.
 3. Балаларға теңіз дыбысына сәйкес жасалған көңіл-күйге қарап теңіз дыбыстарын табу ұсынылады.

III. Теңізді түрлі түсті қарындаштармен салу.

Ойын: «Тырналар-бақалар»

Барлық ойыншылар шеңбер бойымен немесе бөлме ішінде еркін бағытта қозғалып жүреді. Жүргізуші алақанын 1-рет соққан кезде балалар сол тоқтаған жерде тырнаның бейнесін (бір аяқты көтеріп-бүгіп, екі қолды екі жанға созу керек) келтірулері керек. Жүргізуші алақанын 2-рет соққанда балалар бақаның бейнесін жасау (отыру, өкшелерді қосып, екі тізені екі жаққа ашып, қолдарымызды екі аяқтың ортасынан өткізіп, алақандарымызды жерге тірейміз). Ал алақан 3-рет соғылғанда балалар жүруді жалғастырады.

IV. «Толқын» жаттығуы. / Басымыз бен иекті қозғалтпастан, көзімізбен оңнан – солға, содан кейін солдан-оңға қарай көлденең толқындар саламыз.

Рефлексия: сендерге бүгінгі сабақ ұнадыма? Не үйрендіңдер?

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№5 «Табиғатқа саяхат»**

Күні: 03.11.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: тыңдау зейінін, эмоционалды есте сақтау жалын, әр түрлі әдістер бойынша эмоционалды қалыпты табиғат дыбыстарымен салыстыра білу қабілетін дамыту.

I. «Ракета» жаттығуы

1. Мұрын арқылы терең әрі бояу тыныс ала отырып қолымызды екі жаннан жоғары қарай бояу көтереміз және аяғымызды ұшымен тұрамыз.

2. Демімізді ұстап тұрған күйі, жоғары қарай созылып тепе-теңдікті сақтаймыз.

3. АААА- деген дыбысты баяу дауыспен шығару арқылы демімізді шығарып қолымызды екі жанымызда түсіреміз. Табанымыз жерге толық тиеді.

4. Содан кейін мұрын арқылы тағы да терең тыныс алып, бастапқыдай жоғары созыламызда демімізді шығармай ұстап тұрамыз. Енді А дыбыс қысқа әрі тез дауыстау арқылы демімізді жылдам шығарамыз.

II. Отырып немесе жатып, денемізді бос ұстап табиғат дыбыстарын тыңдаймыз. Осы дыбыстарды бір-бірінен ажыратып, оларды табуымыз керек.

III. Табиғат дыбыстарын эмоция қалыптарымен, адамның көңіл-күймен салыстыру.

1. Балалар табиғат дыбыстарына қандай көңіл-күй түрлері сәйкес келетінін анықтайды.

2. Сәйкес келетін эмоциялық-сызбаларды таңдайды.

3. Айнаға қарап осы эмоционалды қалыптарды бейнелейді.

Балалар өз қалаулары бойынша тыңдаған табиғат дыбыстарын түрлі-түсті қарындаштармен салады.

IV Ойын :«Алтын балық»

Мақсаты:Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, агрессиядан арылту.

Өткізілуі: ойынға қатысатын балалар бір-бірінің қолынан мықтап ұстап, иық тіресіп, біріне-бірі өте жақын, тығыз тұрып, шеңбер жасайды. Ойынды бастаушы бала шеңбердің ішінде, ол- алтын балық, ал шеңбер- балық аулайтын ау. Алтын балық шеңбердің сыртына, яғни аудан шығып кетуге тырысады, ал шеңбер жасап тұрғандар оны шығармаулары керек. Егер бала көпке дейін шеңберден шыға алмаса, онда жүргізуші балалардан оған сәл жеңілдік жасауларын сұрайды.

V «Толқын» жаттығуы

Басымызбен иегімізді қозғалтпай көзімізбен жоғарыдан-төмен, төменнен-жоғары қарай толқындар саламыз.

Рефлексия. Сурет салу арқылы өзінің көңіл-күймен бөлісу.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№6 «Шағала»**

Күні: 10.11.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Коммуникативті қабілеттілікті дамыту.

I. «Шағала» тыныс алу жаттығуы.

II. «Үй тұрғызайық» ойыны.

Ойын құрылымы:

Балалар жұптасып, бір-біріне қарап отырады. Жүргізуші әр жұптың қолдарын орамалдармен байлайды. Байланған қоладына фломастер ұстатамыз. Байланған қолдарымен әр жұп үлгі бойынша үйдің суретін салады. (Психолог тақтаға алдын ала салып, оны балаларға көрсетеді).

III. «Белгі сөздерді таңда».

Қандай үй?

«Жанды сөз».

Үй сөзіне сараптама жаттығу.

I.

1. Нақты әрі ұзақ үй сөзін айту., Содан кейін тез, әрі қысқа түрде үй сөзін дауыстап айтамыз.

2. Y – дауысты дыбысын қатты дыбыстаймыз.

VI. Ойын: «Кенгуру»

Мақсаты: Топтың ұйымшылдығын дамыту, бірлесіп қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.


Ойын шарты: Ойынға қатысушылар жұпқа бөлінеді. Олардың бірі кенгуру – тік тұрады, ал екіншісі оның баласы - алдына келіп отырады. Екі ойыншы да бір-бірінің қолынан ұстайды. Ойын шарты бойынша әр жұп осы қалпында қолдарын үзбей, қарсы жақта тұрған жүргізушіні айналып секіріп жүріп өтулері керек. Ойын барысында жұптағы ойыншылар басқаларымен де алмаса алады.

Талқылау: Ойынға қатысушылар өз ойларын, ойыннан алған әсерлерімен бөліседі. Одан кейін олар осы ойынның күнделікті практикада қолданылуын талқылайды.

V. «Көзбен үй саламыз» жаттығуы. (3 – сабақ VI жаттығудың үлгісі бойынша)

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№7 «Табиғат кереметі»

Күні: 17.11.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Есту зейінін, эмоциялық есте сақтау қабілетін дамыту, балалардың сөйлеу белсенділіктерін жетілдіру.

«Ракета» жаттығуы

1. Мұрын арқылы терең әрі бояу тыныс ала отырып қолымызды екі жаннан жоғары қарай бояу көтереміз және аяғымызды ұшымен тұрамыз.

2. Демімізді ұстап тұрған күйі, жоғары қарай созылып тепе-теңдікті сақтаймыз.

3. АААА- деген дыбысты баяу дауыспен шығару арқылы демімізді шығарып қолымызды екі жанымызда түсіреміз. Табанымыз жерге толық тиеді.

4. Содан кейін мұрын арқылы тағы да терең тыныс алып, бастапқыдай жоғары созыламызда демімізді шығармай ұстап тұрамыз. Енді А дыбыс қысқа әрі тез дауыстау арқылы демімізді жылдам шығарамыз.

Еркін жатқан күйде табиғат дыбыстарын тыңдау, тұл кезде көз жұмулы болады.

Жаттығудың құрылымы:

Табиғат дыбыстарын мұқият тыңдау керек. Есте сақтап, не істегендерін айту. Жаз мезгілін еске алу арқылы сөзбен жеткізу.

Табиғат дыбыстарын адам көңіл-күймен сәйкестендіру жаттығуы.

Табиғат дыбыстарының қандай көңіл-күйге сәйкес келетінін түсіндіру.

1. Көңіл-күйге сәйкес келетін табиғат дыбыстарын бет-әлпеттің көмегімен айнаға карап тұрып көрсету.

Естіген табиғат дыбыстарына байланысты түрлі-түсті қарындаштар көмегімен сурет салу.

Ойын «Аңдар жүрісі»

Сурет арқылы жануарлардың жүрісін келтіру.

5. «Тал» жаттығуы

1. Жоғары қарай созылып, алақандарымызды қосамыз.

2. Тепе-теңдікті сақтау арқылы алдыға-артқа теңселеміз.

3. Енді аяғымыздың ұшымен тұрып жоғары керілемізде тағыда желге тербелген тал сияқты алдыға-артқа теңселеміз.

6. Дидактикалық ойын «Ұқсас затты тап»

Рефлексия. «Үлкен саусақ» әдісі арқылы сабақтан алған әсерлерімен бөлісу

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№8 «Ит адам досы»**

Күні: 24.11.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Коммуникативті қабілеттілікті дамыту. Кеңістікті бағдарлауды қалыптастыру.

- I. «А,О әріптерін жазайың» тыныс алу жаттығуы /Зсабақ, 1 жаттығуға үкес/
- II. Отырған және тұрған ит бейнеленген суреттерді қарау.
 1. Қандай? деген сұраққа жауап беретін белгі-сөздер және не істеді? деген сұраққа жауап беретін іс-қимыл сөздер таңдау.
 2. Иттердің контурлы бейнелерін геометриялық формалар арқылы берілген жануарлармен салыстыру, жауаптарын іздеу, мұндағы контурлы сурет-геометриялық формада бейнеленген.

III. «Егіздер» ойыны.

Ойының құрылымы:

1. Іріктеп алынған суреттерді мұқият қарау
 2. Балалардың жұпқа бөлеміз.
 - а/ біреуінің көзі байланған;
 - б/ ал екіншісі- оның «көзі»
 3. Екеулеп тұрған немесе отырған иттің суретін салады. Суретті көзі байлаулы егіздің сыңары салады. Ал екіншісі- «оңға, солға, жоғары, төмен» деген бұйрақтарды беру арқылы көмектеседі.
 4. Жұмысты аяқтағаннан кейін «егіздер» рөлдерін ауыстырады. Ойын қайталанады.
 5. Жүргізуші «көз» бала рөлі жеткіліксіз жағдайда оның орнын психолог алмастырады.
- IV. «Көзбен А-әріпін, О-әріпін Зрет» жазамыз.
- V. Электрондық дидактикалық ойын «Көңілді кірпі»
- Рефлексия.** Сабақтан алған әсерін айту

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 9 «Қарым-қатынас жасайық»

Күні: 01.12.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Коммуникативті қабілетті дамыту. Бір-бірімен қарым-қатынасты бағалау. Елестету, диалогтің сөзді жетілдіру.

I. «Әнші» тыныс алу жаттығуы /I сабақты қарау/

II. «Екі қой» әңгімесі. Бірде тау арасымен жайылып келе жатқан қара қой тар көпір арқылы өзеннің арғы бетіне өтпек болады. Осы уақытта ол алдынан көпір арқылы өтпек болған ақ қойды көреді. Сонда қара қой былай дейді:

- Бауырым, көпірден екеуіміз бірдей өте алмаймыз, сондықтан сен жолымды бөгеме! Сонда ақ қой оған қасарысып:
- Жок, көпірден бірінші мен өтуге тиіспін-дейді. Осылай екеуі келісе алмай бір-бірімен сүзісе кетеді. Еку қой алысып жүріп, екеуде көпірден құлап, суға батып кетіпті:

Психологтың сұрағы:

- Кәне балалар, сендер қалай ойлайсындар, неге бұлай болды?
- Қойлардың қандай қасиеттері оларды суға батырды?

Болған оқиғадан дұрыс шығу жолы болды ма, ойлаңыздар және жауап беріңдер!

Сендердің ойларыңша қойлар қалай істеу керек еді, қалай ойлайсындар?

Егер қойлар қырсықпай бір-біріне жол бергенде мысал-әңгіме қалай аяқталар еді?

II. Жаттығу: «Екі қой»

Мақсаты: невербалды агрессиядан арылу, баланың ашу-ызасын, жағымсыз энергиясын шығарып тастауға мүмкіндік беру.

Жүргізуші ойынға қатысушыларды жұпқа бөліп, мына сөйлемді оқиды: «Таңертең ерте екі кошкар көпірде кездесіп қалады. Олар бір-біріне жол бергілері келмейді». Ойынға қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы кеуделерін тік ұстап тұрып, аяқтарының арасын алыс ұстап, алақандарымен алақандарын, маңдаймен маңдайларын тіреп бірін-бірі итеріп, орнынан қозғалтуға тырысады. Ойын шарты бойынша орнынан қозғалмай ұзағырақ тұру керек және міндетті түрде қауіпсіздік ережесін сақтау қажет.

III. «Тау жолы» ойыны

Ойынның құрылымы:

1. Өздеріңді биік тау арасындамыз деп елестетіңдер. Біздің алдымызда биік асу тұр, осы асудан өтуіміз керек. Сендер бір-біріңе қарсы келесіңдер./ екі қойды еске түсіріңдер/. Осы асудағы құздан құлап кетпеуіміз керек. Сендер өте жіңішке жол және жіңішке көпір арқылы жүретіндеріңді ұмытпаңыздар.
2. Өткелдің ені 2 м, ал көпірдің ені 25-30см. Жіппен немесе бормен сызылған.
3. Балалар жұп болып бөлінеді. Бір-біріне қарсы жүру арқылы өтеді.

Қорытынды.

Қай жұп барлығынан жақсы өтті? Неге? Жолдасына деген көңіл бөлу, өзара көмектесу, белсенділік, ең қолайлы шешім қабылдау және орындау уақыты бағаланады.

Қорыта айтсақ тек бір-бірімізге көмектесе отырып, жолдасымызды мұқият тыңдасақ, қарсыласпай, бірлесіп, ойланып жұмыс істесек қана қиындықтарды жеңе аламыз.

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін, көңіл күйлерін жетістік баспалдағына іледі

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 10 «Қоршаған орта және біз»

Күні: 08.12.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Қоршаған ортада өз орнын анықтау. Сөздік қорды кеңейту. Диалогтік сөзді дамыту.

I. «Үш бұрыштар салайық» жаттығуы. /үлгі бойынша 3 сабақты қара/

II. «Мен кімін?» жаттығуы

I. Сұрақтарға жауаптар:

Сенің атын кім?

Сен неше жастасың?

Қайда тұрасың?

Сен қандай мемлекетте өмір сүресің?

Сен қай ауылда тұрасың?

Сенің жанұяда кімдер бар?

Сен ата-анаң үшін кімсің?

Жанұяда ең үлкені кім?

Кім бәрінен кіші?

Атана немесе апана сен кім боласың? т.с.с.

«Өзінді қалай көріп тұрсың және қай жерде болғың келеді» тақырыбына сурет сал

Құм терапиясы. Ойын «Қол іздері»

Ойын барысы:

Құмның тегіс беткі қабатында балалар мен ересек адам кезекпен қол іздерін салады: ішкі және сыртқы жақпен. Қолды сәл басыңқырап, құмда ұстап тұру және өз түйсігіңді сезіну маңызды. Балалар нені сезетіндігін айтып шығады.

III. «Көзімізбен үшбұрыштар салайық» жаттығуы. Сағат тілінің бағытымен үш реттен үшбұрышты көзбен саламыз, содан кейін қарсы бағытта тағы үш рет үшбұрышты саламыз. Бас пен иек қозғалмауы тиіс.

IV. **Рефлексия.** Өзінің көңіл-күймен бөлісу

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 11 «Мен қандаймын?»

Күні: 22.12.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек

Мақсаты: Балаларда өзін-өзі бағалау қабілетінің пайда болуы және оны дамыту.

Эмоциялық қалыптарды түс арқылы бейнелеу.

Ойын «Күн шуағы»

Мақсаты: Психо сезімдік ахуалдарын жақсарту.; баланың өз сезім әрекетін түсініп, әсерлене білу қабілетін дамыту.

Ойын барысы: Балалар шеңбер құрып отырады. Психолог: Күн шуағы сендердің көздеріңе қарайды. Көздеріңнен беттеріңе қарай жылжиды. Алақандарыңмен сипандаршы. Ол ары қарай маңдайыңа, мұрныңа, аузыңа, бетіңнің ұшына, иегіңе түсті. Алақандарыңмен күн шуағының жолдарын сипап көріңдер. Одан кейін мойныңнан, ішіңнен, қолыңнан, аяғыңнан, арқынды сипап өтіп, желке тұсына барды. Күн шуағы сені жылытып, аймалайды. Сен оған күліп қарап, мейірімді шуағын жүрегіңе түй.

I. «Ракета» жаттығуы

1. Мұрын арқылы терең әрі бояу тыныс ала отырып қолымызды екі жаннан жоғары қарай бояу көтеріміз және аяғымызды ұшымен тұрамыз.

2. Демімізді ұстап тұрған күйі, жоғары қарай созылып тепе-теңдікті сақтаймыз.

3. АААА- деген дыбысты баяу дауыспен шығару арқылы демімізді шығарып қолымызды екі жанымызда түсіреміз. Табанымыз жерге толық тиеді.

4. Содан кейін мұрын арқылы тағы да терең тыныс алып, бастапқыдай жоғары созыламызда демімізді шығармай ұстап тұрамыз. Енді А дыбыс қысқа әрі тез дауыстау арқылы демімізді жылдам шығарамыз.

Еркін жатқан күйде табиғат дыбыстарын тыңдау, тұл кезде көз жұмуды болады.

II. «Мен қандаймын?» ойыны

Ойынның құрылымы:

1. Балаларға өздерін мұқият айналан көрулері ұсынылады.

2. Балалардың назары олардың сыртқы бет-әлпетіне және эмоциялық қалпына аударылады.

• Сенің көздерің қандай керемет!

• Олардың түсі қандай, қарашы!

• Қас-кірпіктерің қандай!

• Сен өзіңнің жымығаныңа зер салшы! Олар саған сондай жарасымды!

• Сен өзіңнің қандай әдемі екеніңе қуан!

3. «Мен қандаймын?» сұрағына балалардың жауабы.

III. Өз көңіл-күйінді бейнеле

1. Ең бірінші ойларыңа не келеді, нені салғыларың келеді, соның суретін салыңдар.

2. Ол үшін өздеріңе қажетті қарындаштарды таңдап алыңдар.

3. Ең бастысы сендер өздеріңнің көңіл-күйлеріңе сәйкес келетін түстерді таңдап алыңдар.

4. Сендер қандай ақылды, әдемі, сүйкімді екендеріңді естеріңнен шығармаңдар! Бұл өте қажет.


IV. «Қуыршақтар» жаттығуы

Жерге жатқан күйде орындалады:

1. «Жұмсақ аю». Денемізді еркін ұстаймыз, әрі жұмсақ, әрі жеңіл күйде жатамыз.
2. «Буратино» Денеміз қатты әрі ағаш тәрізді. Психолог 10-15 сек ішінде команданың орындалғанын бақылайды.
3. Қайтадан «Жұмсақ аю» - 15-20 секунд.

Рефлексия. Доп лақтыру арқылы өзінің көңіл-күймен бөлісу

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түлету-дамыту іс-әрекеті
№ 12 «Табиғат құбылыстары»**

Күні: 29.12.2023ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Ұзақ есте сақтау қабілетін дамыту. Сөздік қорды кеңейту. Берілген сөздерге сөйлем құрау қабілетін жетілдіру.

Амандасу-сәлемдесу.

Психолог: - Балалар тірі тіршілік иелерінің барлығын өзінің туыстарын сияқты аялап, қамқор болу керек екенін естерінде сақтап жүріңдер.

«Егер де күн болмаса, не болар еді?» /үнемі қараңғы, қорқынышты болады.../

«Егер де су болмаса, не болар еді?» / шөптер құрайды, қатты шөлдейміз/

«Егер де ауа болмаса, не болар еді?» /тыныс ала алмаймыз, т.б./

1. «Шағала» жаттығуы

1. Мұрын арқылы баяу әрі терең тыныс алыңдар.

2. Қолымызда нық деңгейіне дейін көтеріп, демімізді ұстап тұрамыз.

3. Оң аяғымызды бүгіп, көзімізді жұмып тепе-теңдік сақтауға тырысыңдар.

4. Баяу әрі терең тыныс шығару арқылы қол аяғымызды түсіреміз. Көзімізді ашамыз.

5. Қайтадан терең тыныс алу арқылы, қолымызды нық деңгейіне дейін көтеріп, тынысымызды шығармай ұстап тұрып көзімізді жұмамызда сол аяғымызды бүгіп тұрамыз.

6. Көзімізді ашпай, мұрын арқылы демімізді шығарамыз. Қолдарымызды түсіреміз, аяғымызды жазамыз.

7. Көзімізді ашайық.

II. Өткен сабақтағы естіген табиғат дыбыстарын еске түсіру.

IV. Табиғат құбылыстарына байланысты сөйлем құрастыру.

V. «Шөп» жаттығуы /5 сабақты қара/

VI. дидактикалық ойын «Бағдаршам» Суреттерді құрастыру

Рефлексия. Өзінің көңіл-күймен бөлісу

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 13 «Бауырсақ»**

Күні: 05.01.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Шығармашылық қабілеттілікті дамыту.

I. «Бауырсақ» тыныс алу жаттығуы

1. Мұрын арқылы баяу әрі терең тыныс ала отырып, қолымызды алдыға қарай тік баяу нық деңгейіне дейін көтеріміз.
2. Демімізді шығармай, ұстап тұрамыз.
3. Одан кейін алақанымызбен көз алдымызда шаршы бейнесін сала отырып, демімізді баяу шығарамыз.

II. «Мен бүгін ең...» жаттығуы

1. Сурет сызбалардағы бауырсақтарға қараңдар. Олардың түрлері қандай? Қай суретте Бауырсақтың түрі ең қуанышты /көңілсіз, қорыққан, ашулы/? Бауырсақтың қуануына не әсер болды? /қорқыуына, мұнайуына, ашулауына/ ойланып, жауап беріңдер.

III. Өз көңіл – күйлеріңді түрлі- түсті қарындашпен салыңдар.

IV. «Бауырсақтың суретін салайық» жаттығуы.


Баспен иекті қозғалтпай, көзімізбен сағат тілінің бағытымен үш рет дөңгелек, содан кейін қарсы бағытта 3 рет дөңгелектің суретін саламыз.

V. Бауырсақтың түрі қандай болды, еске түсіріп, айтыңдар. Оған ұқсас оқиғаларды айтып беріңдер.

ойын «Кімнің көлеңкесі»

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 14 «Жақсылық жасайық»

Күні: 12.01.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Коммуникативті және байланыс, қарым – қатынасты дамыту. Сөздік қорды кеңейту.

Сабақ барысы:

- I. «Әнші» тыныс алу жаттығуы /I сабақты қара/
- II. «Жақсылық жасамаған адамға ешкім жақсылық жасамайды» диалогы бойынша талдау.
 1. Әңгімені оқу.
 - Қанат! Саған қаламыңды бере тұршы.
 - Менің өзіме керек, өзіндікі бар емес пе?-дейді Қанат.
 - Қанат! Кітаптарымды сөмкеме салысып жіберші өтінемін?
 - Кітаптар сенікі, өзің сал! – деп жауап берді Қанат.
 2. Сұрақтарға жауап беру.
 - Бала Қанаттан нені сұрады?
 - Ол қалай сұрады?
 - Тағы басқалай сұрауға болар ма еді?
 - Сұрағанда қандай сөздерді қолдануға болады?
 - Баланың сұрағынан Қанат орында ды ма?
 - Қанат оған қалай жауап қайтарды?
 - Қанаттың бұл жауабына не деуге болады?
 - Егер сұранысыңды орындамаса не істеуге болады?
 - Көмектен бас тартуға бола ма?
 - Адамды ренжітпеу үшін бас тарту қандай болуы керек?
- III. Адам келбетінің жоғарыдағы ойынға сәйкес суреттерін бейнелеу.

1. Ұсынылатын жағдайлармен танысу
Адам бірдеңе сұрайды. Оның сұраған нәрсесінен бас тартты. Ол бәрібір өздегеніне жетті: оның өтінішін орындады.
Осы жағдайларға сәйкес эмоциялық қалыптар сызба-суреттерді таңдап аламыз. .

IV. Ойын: «Кенгуру»

Мақсаты: Топтың ұйымшылдығын дамыту, бірлесіп қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.

Ойын шарты: Ойынға қатысушылар жұпқа бөлінеді. Олардың бірі кенгуру – тік тұрады, ал екіншісі оның баласы - алдына келіп отырады. Екі ойыншы да бір-бірінің қолынан ұстайды. Ойын шарты бойынша әр жұп осы қалпында қолдарын үзбей, қарсы жақта тұрған жүргізушіні айналып секіріп жүріп өтулері керек. Ойын барысында жұптағы ойыншылар басқаларымен де алмаса алады.

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог: 

Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 15 «Үлкендер әлемі»**

Күні: 19.01.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Үлкендердің жұмысы жайлы ұғымды кеңейту. Еңбекке деген сүйіспеншілікті арттыру. Елестету мен бейнелеуді дамыту. Ұзақ есте сақтауды жетілдіру.

Көрнекіліктер: әр түрлі мамандық иелерінің суреттері (19-саб.қара); еңбек құрал-жабдықтары,

- 1) кастрюля, пышак, ожау;
- 2) ара, балта;
- 3) дәрі-дәрмек;
- 4) кітап, қалам, дәптер.
- 5) иіне-жіп, қайшы
- 6) қылқалам, бояулар;
- 7) автомашина; қарындаш, қағаз.

Сабақ барысы

I. „Насос” тыныс жаттығуы.

1. Қолымызды төмен түсіреміз.
2. Мұрын арқылы терең тыныс ала отырып, қолымызды бүгіп иық деңгейіне дейін көтереміз.
3. Демімізді ұстап тұрамыз. Жұдырығымыз жұмылу, шынтағымызды бүгеміз.
4. УУУУ-дыбысын баяу дауыстай отырып, қолымызды денемізді төмен қарай сырғытамыз.

II. «Жұбынды таңда» ойыны.

1. Балалар теріс қаратылған суреттерді табады. /Әр бала өзі тапқан суретті табады/
2. Еңбек құрал-жабдықтары бейнеленген суреттерді қарау, олардың аттарын атап, кімге және не үшін қажет екенін айтып беру.
3. «Бір-екі-үш» деген белгіден кейін балалар жылдам өз қолдарындағы мамандық иелерінің суреттеріне сәйкес еңбек – құралдарының суреттерін табулары тиіс.

III. «Егер ол болмаса» ойыны. /елестетуді дамыту/

1. Балаларға «Жұбын таңда» ойынындағы суреттерді еске түсіру ұсынылады. Содан кейін оларға көздерін жұмып, егер өздері қалаған мамандық Жер бетінен жоғалып кетсе не болатынын елестетулері керек.
2. Балалар кезкпен егер ол болмаса, не болатындығы туралы әңгімелеп беру.

Дидактикалық ойын «Тура сондай фигураны тап»

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Күні: 26.01.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Спорт пен дене тәрбиесіне қызығушылықты арттыру. Есте сақтау қабілетін жетілдіру.

Көрнекіліктер: Спортшылардың суреттері: баскетболшы, футболшы, жүзгіш, шаңғышы, теннисші, желаяк, хоккейші. Қарындаштар, қағаз.

Сабақ барысы:

I.«Үш кішкентай шарды үрлеп жарамыз»-тыныс алуға арналған жаттығу.

1.Қолымызды бүгіп, кеудемізге дейін көтереміз.

2.Үш рет үзіп-үзіп тыныс аламыз-сонымен бірге қолдарымызды шар үрлеген кезде үлкейген тәрізді үш рет жанға қарай ашамыз.

3.Демімізді ұстап тұрамыз.

4.Енді О-дыбысын дауыстау арқылы демімізді бірден шығарып, екі алақанымыз бір-біріне жылдам соғылады. Яғни шар жарылған сәтте болатын жағдайда болады. Жаттығу 4-5 рет қайталанады.

II.«Мен-спортшымын» ойыны.

Ойынның құрылымы:

1.Спортшылардың суреттеріне қарап, оларды атау.

2.Теріс қаратылған суреттерді табу. /Табылған суреттерді спортшы бейнелерін әр бала өзі тапқан сурет бойынша алады/

3.Әр бала өз суреті бойынша жеке-жеке өз спортшысы туралы айтып береді. /не істейді?қандай спорт түрімен айналасады?/

III.«Жаңғырық» ойыны

Психолог спортшыны атайды, ал «жаңғырық» бала-аталған спортшыға керекті құрал-жабдықты жылдам атауы тиіс.

Конькиші- Шаңғышы-

Футболист- Штангист-

Тенисші- Боксшы-

Велосипедші- Мergen-

IV«Мен спортшымын» ойыны

1.Әр бала өз спортшысының атын атамай, оны қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді.

2.Қалған балалар оның қимылына қарай қандай спортшы екенін табады.

Психогимнастика

VI. «Көзбен доптар саламыз» жаттығуы. Сағат тілінің бағытымен бас пен некті қозғалтпай 3 рет допты саламыз, содан кейін 3 рет қарсы бағытта саламыз.

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 17 «Менің бос уақытым»**

Күні: 02.02.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Бос уақытты бағалай білуге, оны қызықты әрі пайдалы өткізуге үйрету.

Көрнекіліктер: музыкалық аспаптар бейнеленген суреттер: баян, скрипка, барабан, домбыра, гитара, балалайка; спорттық құрал-жабдықтар: ракетка, коньки, штанга, шаңғы, доп, бокс қолғабы; кітаптар, қағаз, қарындаштар.

Сабақ барысы

I. «Баян» тыныс алу жаттығуы

1. Қолдарымызды бүгіп кеуде тұста ұстаймыз.

2. Мұрын арқылы баяу тыныс ала отырып баянист тәрізді қолымызды екі жанға қарай ашамыз.

3. Бірнеше секунд демімізді ұстап тұрамыз.

4. А-А-А-А-А-дыбысын дауыстау арқылы, ауыздан демімізді шығара отырып қолымызды жинаймыз.

II. «Арманның демалыс күні» атты әңгімені оқу.

Сағат түскі 12-ні соқты. Арман көзін жаңа ғана ашып, ұйқысынан оянды. Төсектен тұрмастан, ол теледидардың қосқышына қолын созды да оны қосты. Ол бірнеше сағат мультфильмдер мен кинолар көрді.

- Қой тұрмасам болмайды,- деп ойлаған Арман аяғын әрең басып жуанатын бөлмеге қарай беттеді. Ол бір-екі рет бетін сумен жуды да сүртінбестен қайта келіп теледидардың алдына жайғасты. Теледидардан тағы да мультфильмдер көрсетіп жатыр екен. Ол ас үйдегі дастарханға отырмай қолына екі-үш тоқашты алды да теледидар алдында отырып жей бастады.

Міне осылай кеште батты.

- Арман төсегіне қайта жатқалы жатып, мен бүгін қатты шаршадым деп ойлады да ұйқыға кірісті.

Сұрақтар:

Арманның демалыс күнін қалай атауға болады?

Оны денсаулыққа пайдалы деп айтуға бола ма?

Неге ондай демалыс денсаулыққа зиян?

Арман нені дұрыс істемеді ?


Оған қалай демалу керек еді?

III «Көзімізбен доптар салайық» жаттығуы

Дидактикалық ойын «Артық фигура»

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 18 «Емхана»**

Күні: 09.02.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Өз денсаулығын мен жақындарының денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қиын жағдайлардан шығу жолдары мен ауырған адамдарға көмек көрсетуді үйрету.

Көрнекіліктер: «Емхана» ойынның сюжеттері бейнеленген суреттер /медициналық құралдар, қуыршақ, дәрілер/; қағаз, қарындаш, фишкалар.

Сабақ барысы.

I. «0-ден 3-ке дейін цифрлар жазамыз» тыныс алу жаттығуы.

II. К.Д. Ушинскийдің «Дәрі-дәрмек» әңгімесін оқу.

Әңгіме «Дәрі-дәрмек»

Әселдің мамасы ауырып қалды. Ал дәрігер оған ашты дәрілер жазып береді. Мамасы дәріні әрең ішкенін көрген Әсел оған:

- Мама! Қиналсаң дәріні маған берші, сен үшін мен ішейін,-дейді.

2. Сұрақтар:

Әсел неге дәріні ішпек болды?

Әсел мамасына жақсылық па әлде жамандық ойлады ма?

Әселдің бұл қылығы дұрыс емес. Мамасы тез жазылып кету үшін қалай істеу керек еді?

«Жедел жәрдемді» қай кезде және қалай шақырады?

3. Балалар әңгімедегі Әселдің қылығына түзету енгізіп, өз ойларын айтулары қажет.

III. «Қуыршағым ауырып қалды» ойыны.

Ойынның құрылымы:

1. Әр бала дәрігер рөлінде ойнап шығуы тиіс.

2. Ол қуыршақтың ауруын анықтайды. Қуыршақты емдеуге қажетті құралдарды таңдайды: термометр, дәрі, градусник, шприц т.б.

3. Ойындағы іс-қимылға кірісу:

а/ алдымен қуыршаққа не болғанын, неге олай болғанын айтып береді;


б/ Содан кейін «қуыршаққа» көмек көрсетеді және «дәрігер» ретінде не істегенін айтады.

«Қозғалмалы қарындаш» жаттығуы. Кез-келген түрлі-түсті қарындашты таңдап алындар. Енді оның тегіс ұшынан ұстап, қолымызды алдыға созамыз. Көзімізді қарындаштың үшкір ұшына бағыттап одан көз алмай қараймыз. Содан кейін, қарындашты бетімізге /20 см-ге дейін/ баяу жақындатып, үшкір ұшынан көз алмай қараймыз. Жаттығу тұрып орындалады. 4-5 рет қайталау.

Дидактикалық ойын «кім жасырынып қалды»

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 19 «Неден кейін не?»**

Күні: 16.02.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Шығармашылық қабілетті дамыту. Уақытша көріністерді бағдарлауды жетілдіру.

Көрнекіліктер: жылдың төрт мезгілі салынған суреттер, түрлі-түсті қарындаштар, қағаз.

Сабақ барысы:

I. «Шыбын» тыныс алу жаттығуы.

1. Қолымызды баяу жоғары көтеріп, мұрын арқылы терең тыныс аламыз.
2. Жоғары күнге қарай созыламыз-денемізді ұстап тұрамыз.
3. Оң жаққа қарай иілу арқылы демді ауыз арқылы баяу шығарамыз.
4. Мұрнымызбен терең әрі баяу тыныс аламызда тұзу тұрамыз. Тағыда демімізді шығармай ұстап тұрамыз. Қолымыз жоғары көтерулі күйде.
5. Баяу демді ауыз арқылы шығарып солға қарай иілеміз.

II. «Неден кейін не?» ойыны.

1. Жыл мезгілдері бейнеленген суреттерді көру.
2. Оларды белгілері бойынша қай мезгіл екенін атау.
3. Суретті мезгілге байланысты талдау.
4. Әр мезгілге байланысты түске мінездеме беру.
5. Әрбір жыл мезгіліне сәйкес белгілеріне сөздер ойлап табу.

III. «Тал» жаттығуы

IV. Түрлі-түсті қарындаштармен жыл мезгілдерінің суретін салу.

V. «Дейін –аралығында-кейін» ойыны. Жыл мезгілдерін бағдарлауға байланысты жылдамдыққа ойналатын жаттығу.


1. Қыстан кейін қай мезгіл?
2. Қысқа дейін?
3. Қыс пен жаздың аралығында? т.с.с

VI. Көзге арналған «Көзімізбен күн салайық жаттығуы.

Дидактикалық ойын «Алдымен қайсысы, содан кейін не?»

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 20 «Елестету»

Күні: 23.02.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Бұлшық еттердің шиеленісінен арылу қабілеттілігін дамыту. Елестетуді жетілдіру.

Көрнекіліктер: балаларға арналған релаксациялық музыкалар, түрлі –түсті қарындаштар, қағаз.

Сабақ барысы:

I. «Әнші»- тыныс алу жаттығуы.

- а) Терең тыныс алу. Қолымызды баяу жоғары көтереміз.
- Б) Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.
- В) А-А-А дыбысын дауыстау арқылы демімізді шығарамыз және қолымызды баяу түсіреміз.
- г) Демімізді ішке тартамыз. Қолдарымызды жанға қарай иық деңгейіне дейін көтереміз.
- д) Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.
- е) О-О-О дыбысын қатты дауыстау арқылы демімізді баяу шығара отырып, қолдарымызбен екі иығымызды қапсыра құшақтап басымызды төмен түсіреміз.
- ж) Баяу терең тыныс ала отырып қолдарымызды кеудеміздің деңгейіне дейін көтереміз.
- з) Демімізді ұстап тұрамыз.
- и) У-У-У дыбысын қатты дауыстау арқылы қолдарымызды ақырын төмен түсіреміз.

II. Релаксациялық тренинг:

- 1. Еденге ыңғайланып жатыңдар. Әуенді мұқият тыңдаңдар. Өздеріңді өте әдемі, әрі жылы, тыныш жерде жатырмыз деп елестетіңдер. Денемізді толықтай еркін ұстаймыз. Ойымыз аспандағы қалықтаған бұлттар тәрізді жүзіп жүрсін.
- 2. Көздеріңді жұмған күйде, көз алдарыңда не елестегенін көруге тырысыңдар.
- 3. Енді аяғымыздың ұшын алдыға қарай созып, рл қолымызды басымздан жоғары қарай созып керілеміз. Барлық денеміз тартылған шек тәрізді. Дене мүшелеріміз ширығып тұр.
- 4. Ал қазір қайтадан денемізді босатып, өзімізді еркін ұстаймыз.

III. Елес бойынша сурет салу. Қолдарыңа қағаз, қарындаш алып, көздерің жұмулы жатқанда не көрдіңдер соны салыңдар.


IV. «Қуыршақтар» жаттығуы

Ойын «Сықырлы дорба»

Ойын жүргізушінің қолында сыңарымен және сыңары жоқ ұсақ заттар салынған сықырлы дорба болады (екі қасық, түймелер, ұсақ ойыншықтар, екі қолғап, моншақтар т.б.) Ойын жүргізуші бір ойыншыны шақырып, қолын дорбаға салып, қандай заттар бар екенін және олардың сыңарларын ұстап көру арқылы анықтайды. Ойын жүргізуші сықырлы дорбадағы заттарды үстел үстіне шығарып, ойыншының жауабын тексереді. Келесі ойынға дорбаға басқа заттар салынады.

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 21 «Сәлемдесу»

Күні: 1.03.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Балалардың коммуникативті және шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту.

Көрнекіліктер: түрлі – түсті қарындаштар, қағаздар, эмоциялық қалыптар бейнеленген әр түрлі сызба – суреттер.

Сабақ барысы:

I. «Ракета» тыныс алу жаттығуы.

II. «Сәлем» ойыны.

Қарым – қатынас жаттығуы.

Ойын барысы:

1. Амандасу нені білдіретіндігін ойлаңдар.

Біз адамдарға «сәлем» деп айтқан кезде оларға не тілейміз?

Тағы қалай амандасуға болады?

Тағы қандай сөздер қоладыңдады?

2. Еш сөз қолданбай амандасайық.

А) амандасу сызбалары көрсетілген суреттерді қарау.

Б) адамдар бір – бірімен сөйлемей қалай амандасады? Сол туралы бейнеленген суреттер.

3. Амандасушы адамдардың олардың бер - әлпетінің түрлерімен сәйкестігін қарау.

Эмоциялық қалыптар бейнеленген суреттер бойынша амандасуды білдіретін суреттерді іріктеу.

Ойын: «Ау!»

Ойын шарты: Бір бала қалған балаларға арқасымен теріс қарап, орманда адасқан адамды бейнелейді. Ал, артындағы тұрған балалардың арасынан біреуі оған «Ау!»-деп айқайлайды. Орманда «адасқан» бала оның кім екенін табуы керек. Бұл ойынды балаларды бір-бірімен таныстыру кезінде сәтті қолдануға болады.

III. «Қуыршақтар» жаттығуы.

Электрондық дидактикалық ойын «Бір сөзбен ата»

Бұл ойынға суреттер көрсетпей-ақ сөзбен айтуға да болады. Ойын жүргізуші бірнеше заттардың атын атайды да, бір ойыншыдан бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрайды. Мысалы:

- Автобус, машина, трактор, ұшақ.
- Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 22 «Хайуанаттар бағы»

Күні: 15.03.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту. Хайуанаттардың балаларының атауларын есте сақтау арқылы тілдік қорды байыту.

Көрнекіліктер: Контурлық мысал суреттер (түлкі, қасқыр, кірпі, ит, аю, тиін, мысық, қоян); осы хайуанаттардың бейнесі бейнеленген геометриялық үлгілері; қағаз; түрлі – түрлі қарындаштар.

Сабақ барысы

«Әнші» тыныс алу жаттығуы

а) Терең тыныс алу. Қолымызды баяу жоғары көтереміз.

Б) Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.

В) А-А-А дыбысын дауыстау арқылы демімізді шығарамыз және қолымызды баяу түсіреміз.

г) Демімізді ішке тартамыз. Қолдарымызды жанға қарай иық деңгейіне дейін көтереміз.

д) Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.

е) О-О-О дыбысын қатты дауыстау арқылы демімізді баяу шығара отырып, қолдарымызбен екі иығымызды қапсыра құшақтап басымызды төмен түсіреміз.

ж) Баяу терең тыныс ала отырып қолдарымызды кеудеміздің деңгейіне дейін көтереміз.

з) Демімізді ұстап тұрамыз.

и) У-У-У дыбысын қатты дауыстау арқылы қолдарымызды акырын төмен түсіреміз.

«Хайуанаттар бағы» ойыны.

Үй және жабайы хайуанаттарды ажырату. Хайуанаттар балаларының аттарын есте сақтау. Тапсырма: Суреттерге қарап жануарларды және олардың балаларын атаңдар. Осылардың арасынан хайуанаттар бағында қайсысы артық екенін анықтаңдар. Неге? (Артық суреттер алынып тасталады.) Қалған жабайы хайуанаттарды есте сақтаңдар.

«Жұбын таңда» ойыны.

Алдыңғы ойында хайуанаттар бағында қалған

6 сурет және осы

суреттерге сәйкес келетін геометриялық формадағы суреттер көрсетіледі.

Ойын барысы:

1. Бала хайуанаттарды еске түсіріп, олардың аттарын атайды және соған сәйкес контурлық суреттерге ие болады.

2. Содан кейін жануарлардың бейнесі геометриялық формада беріледі.

3. Бала өздерінің қолдарындағы суреттерге сәйкес келетін жануарлардың геометриялық «бейнесін», яғни жұптарын таңдап алады.

Ешқандай көмексіз, бала геометриялық формалар арқылы хайуанаттардың суреттерін салады. Бала өз калауы бойынша салады.

«Ым –ишара» жаттығуы. Бала кез келген хайуанатты ым-ишара арқылы бейнелеп көрсетеді, ал қалған балалар табуы керек.

Рефлексия. Сабақтан алған әсерін айту.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 23 «Дос болайық бәріміз»**

Күні: 29.03.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Эмоциялық қалыпты ескере білу кабілетін дамыту. Рухани құндылықтарды дамыту.

Көрнекіліктер: кағаз, түрлі-түсті қарындаштар.

Сабақ барысы.

Ойын «Тілек шоғы»

Мақсаты: Балаларды жағымсыз сезімдерден арылту, жақсылық жасауға үйрету.

Ойын шарты: Балалар дөңгелене отырады, әрқайсының қолында гүл. Психолог өзі бастап сәлемдеседі, балалар қолдарындағы гүлді бір-біріне тілек айту арқылы ұсынады. Гүл шоқтары бірте-бірте көбейіп, психологтың өзіне бір құшақ гүл- «Тілектің шоғы болып оралады». Өзгелерге денсаулық тілеп, жақсылық жасасаң, ол өзіне қайтып оралады деп қорытынды жасайды.

1.

I. «Шыбын» тыныс алу жаттығуы.

1.Қолымызды баяу жоғары көтеріп, мұрын арқылы терең тыныс аламыз.

2.Жоғары күнге қарай созыламыз-денемізді ұстап тұрамыз.

3.Оң жакқа қарай иілу арқылы демді ауыз арқылы баяу шығарамыз.

4.Мұрнымызбен терең әрі баяу тыныс аламызда тұзу тұрамыз. Тағыда демімізді шығармай ұстап тұрамыз. Қолымыз жоғары көтерулі күйде.

Баяу демді ауыз арқылы шығарып солға қарай иілеміз.

II. Л.Н. Толстойдың «Екі дос» мысал әңгімені оқу.

«Екі дос»

Бір күні екі дос орманда келе жатып, алдарынан аю атып шығады. Бірі тура қашады да, ағашқа өрмелеп шығып, талдың бұтағына тығылып қалады, ал екіншісі қашам дегенде сүрініп жығылады да, өлген адам тәрізді қозғалмай жатады. Аю келіп, оның бетінен иіскеп өліп қалған екен деп кетіп қалады. Аю кеткен соң ағаштағы досы жерге түсіп одан былай деп сұрайды:

- Аю саған не деп құлағына сыбырлады?

Сонда жерде жатқан досы оған:

- Аю маған, қиын кезде досын тастап кеткен адам ең жаман адам,-деп айтшы деді.

Сұрақтар:

Нағыз достар бір-бірін қауіпке тастап кете ме?

Бұндай әрекетті қалай атауға болады?

Досын қиындыққа тастап кеткен адамды қалай атауға болады?

Нағыз дос не істер еді?

Бұл әңгімеден біз қандай қорытындыға келеміз?

-ДОСЫНДЫ ЕШҚАШАН ҚИЫНДЫҚҚА ТАСТАМА!

III. Құм терапиясы «Дос алаңы»

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 24 «Қорытынды сабақ»**

Күні: 05.04.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Өз ісіне баға беруді, үлгі бойынша жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, ол жұмысын үлгімен салыстыра білу дағдысын дамыту.

Көрнекіліктер: түрлі-түсті қарындаштар, қағаз.

Сабақ барысы.

I. «Ракета» жаттығуы

Мұрын арқылы терең әрі бояу тыныс ала отырып қолымызды екі жаннан жоғары қарай бояу көтереміз және аяғымызды ұшымен тұрамыз.

2.Демімізді ұстап тұрған күйі, жоғары қарай созылып тепе-теңдікті сақтаймыз.

3.АААА- деген дыбысты баяу дауыспен шығару арқылы демімізді шығарып қолымызды екі жанымызда түсіреміз. Табанымыз жерге толық тиеді.

Содан кейін мұрын арқылы тағы да терең тыныс алып, бастапқыдай жоғары созыламызда демімізді шығармай ұстап тұрамыз. Енді А дыбыс қысқа әрі тез дауыстау арқылы демімізді жылдам шығарамыз

II. Жеткілікті дәрежеде қиын графикалық элементтермен бейнеленген графикалық үлгіні қарау.

III. Тапсырма:

Ешқандай үлгінің көмегіңіз дәл осы суреттей сурет салуға тырысыңдар.

IV. Өз суретіңе сараптама жасау, үлгімен салыстыру, катесін тауып, оны көрсету, өз жұмысын бағалау

V. «Көзімізбен серіппелер салайық» жаттығуы /көзге арналған/

Алдымен аңнан-солға қарай, содан кейін солдан-оңға қарай көлденең серіппелерді көзімізбен саламыз. Бас пен иек қозғаламауы тиіс.

VI. Орындалған жұмысты балалардың қалауы бойынша қайта жүргізу. Бірінші реттегі кателерді жібермеуге тырысу керек. Жаттығу басқа бетке орындалады.


Ойын «Байқап қал!»

Балалар екі топқа бөлінеді. Ойын жүргізуші үстел үстіне 10-15 ұсақ заттарды (қалам, қарындаш, түрлі ойыншықтар, суреттер т.б.) қойып, бетін шүберекпен жабады.

Ойыншыларға бір минут қаратқаннан кейін заттардың беті жабылып, әр топтан үстел үстінде көршген заттардың аттары сұралады. Қай топ заттардың аттарын көп атаса, сол топ жеңеді.

Рефлексия. Барлық тренингтерден алған әсерімен бөлісу.

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 25 «Суретшіге көмектес»**

Күні: 12.04.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Визуалды қабылдау дағдысын, қозғалыс белсенділігін, сөйлеу мәдениетін және ойлау қабілетін дамыту.

I. «Армысыз, шұғылалы Алтын -күн» сәлемдесу.

Армысыз, мейірімді Жер-ана

Армысыз, шұғылалы Алтын-күн

Әрқашанда Көкте күліп күн тұрсын.

II. «Суретшіге көмектес»-жаттығуы

Нұсқаулық: Балаларға салынбай қалған бөлшектері бар суреттер көрсетіледі. Ол сол бөлшекті атап, салып бітіруі және бояп шығуы қажет.

III «Тыныштық қалыбы» жаттығуы

Мақсаты: жаттығу тынышталуға көмектеседі, сол арқылы бұлшық-* ет қалыбын босансыту.

Нұсқаулық: бала ыңғайланып орындыққа отырады, қолдары екі санында бос қалыпта жатады. Басы төмен қараған, көздері жұмулы күйде. Психолог өлең оқиды, ал балалар көздерін жұмып, тындап отырады. Жәй дауыс, ұзақ үзіліс, үлкен тыныштық береді. Кірпіктері жіберіліп, көздері жұмылады, біз тыныш демаламыз. Демалған жақсы бірақ тұратын уақытта болады.

IV «Шырылдауық шегіртке» сергіту жаттығуы

Мақсаты: Қозғалыс белсенділігі, балалар тақпақты қайталай отырып, қозғалыс жаттығуларын орындайды.

Иығымызды көтеріп шегірткедей секірсек


Бір-екі, бір-екі әлденейік біз енді

Тыныш қана тындайық ,тыныш,тыныш...

Биік секір тез мүлде, тыныштық бұзған мезетте...

IV. Қорытындылау: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түлету-дамыту іс-әрекеті
№ 26 «Ақылды саусақтар»**

Күні: 19.04.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Олеуметтік сенімді қалыптастыру, ұсақ моторика, естіп қабылдау жадын дамыту.

I. «Күн шуағы»- сәлемдесу.

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды күніміз,
Жарқырайды нұрымыз
Қайырлы таң күніміз.

II. «Өз қалпынды есте сақта» -ойыны

Мақсаты: Естіп қабылдау жадын дамыту.

Нұсқаулық: Балалар шеңбер бойына тұрады. Әркім қандайда бір қалыпта тұрулары қажет және естеріне сақтап алулары керек. Музыка қосылғанда –барлық балалар жан-жаққа жүгіре жөнеледі. Музыка тоқтағасын әркім өз орындарына оралып, баяғы қалпында қатып қалулары керек.

III. «Қуыршақты құрастыр» ойын

Мақсаты: Бет бейнес , дене бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру.

Нұсқаулық: Психолог балаларға жинастырылмаған кескінделген үлкен және кішірек екі қуыршақ бөлшектерін ұсынады. Нақты тапсырма береді. «Үлкен қуыршақтың үлкен аяғын тапта, орнына орнықтыр», «Кіші қуыршақтың аяғын тапта, орнына орнықтыр».


IV. «Ақылды саусақтар» ойыны.

Мақсаты: алақан саусақтарын өзіндік уқалауға үйрету.

Психолог балаларға саусақтарды қалай дұрыс уқалау қажеттігін көрсетеді және не үшін екендігін түсіндіреді.

Қорытындылау: Сен бүгін не үйрендің? Саған не қызық болды?

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

**Түзету-дамыту іс-әрекеті
№ 27 «Бірдей заттар»**

Күні: 26.04.2024ж

Топ атауы: Аралас ересек топ

Мақсаты: Өлеуметтік тұрмыстық бағдарлау, ойлау қабілетін, визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

I. Сәлемдесу .

Мақсаты: жағымды қатынас қалыптастыру және қозғалыс белсенділігін дамыту.

Нұсқаулық: балалар бір-бірімен амандасып, жұптасып, бір-бірімен жақсы достар, ханзада мен ханшайым сияқты, қол алысып, саусақтарымен амандасады.

Ән айтуға барамыз

Досымызды табамыз

Сәлеметсің беміне мен

Дос болайық сенімен

II «Заттарды атап шық» ойыны

Нұсқаулық: суретте бейнеленген заттарға қарап, олардың не мақсатта қолданылатынын айтып бер. Бала өз ойын толық сөйлем күйінде жеткізе білуі, ол сөйлемдер арқылы қысқаша әңгіме құрастыра алуы қажет. Заттардың тұрмыста қолдану қажеттілігін айта алуы керек.

III. «Бірдей заттар» жаттығуы


Мақсаты: зейін аудару және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

Нұсқаулық: коршау ішіндегі тұрған бейнелерді тауып көр.

IV. Қорытындылау:

Сен бүгін не үйрендің? Саған не қызық болды?

Педагог-психолог:



Аскарова А.Р.

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 4-5 жас
Зерттеу уақыты: 22.09.2023 ж
Тобы: Ересек аралас «Айгөлек» тобы
Қатысқандар: 10

Әдістеме: «Сиқырлы сөздер»

Мақсаты:

баланың бойындағы танымдық құзіреттілігін арттыру, өз бойындағы сезіммен, басқаның сезімін түсіне білуге үйрету, үлкендермен жағымды қарым-қатынас жасай білуге үйрету, сөздік қорын молайту.

Нұсқауы:

Балалар шеңберде отырып, қол ұстасады. Бір-біріне қарап, бірнеше жақсы тілектер, мақтаулар айтады. Екінші бала алғысын білдіріп, келесі көршісіне өз тілектерін айтады. Ойын солай жалғаса береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Сиқырлы сөздер» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды. Бір-біріне көмектесіп жағымды сөздер айтып доп арқылы білдірді.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 2-3 жас
Зерттеу уақыты: 26.09.2023 ж
Тобы: Кіші аралас «Балбөбек» тобы
Қатысқандар: 7

Әдістеме: «Ку-ку»

Мақсаты:


Баланы эмоционалды тұрғыда дамытып, байқампаз етеді.

Нұсқауы:

Анасы «ку-ку!» деп, қолының немесе бір заттың арттына тығылады. Бала жоғалған анасын іздеп, оның қайта пайда болуын күтеді. Бірнеше секундтан кейін, назарына анасы пайда болып, екеуі де қуанышқа бөленеді. Осылайша бірнеше рет қайталанады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «ку-ку» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды. Бір-біріне көмектесіп жағымды сөздер айтып доп арқылы білдірді.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 3-4жас
Зерттеу уақыты: 28.09.2023ж
Тобы: Ортаңғы аралас «Айгөлек» тобы
Қатысқандар: 7

Әдістеме: «Досыңмен кездесу» тренинг

Мақсаты: достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылау. Достарға деген қарым-қатынасты қалыптастыру, достықты қадірлей білу, бір-біріне көмек көрсету және қамқор болуға үйрету, ойларын ашу. Қарым-қатынас жасауға көмектесу. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Нұсқауы:

Балалар дөңгелене тұрады, психолог қолды шапалақтап нұсқау берген кезде, берілген тапсырмаларды орындайды.

- 1 рет шапалақтаған кезде – қолдарын қысады;
- 2 рет шапалақтаған кезде бір – бірін құшақтайды;
- 3 рет шапалақтаған кезде – бір-біріне жақсы тілек айтады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Досыңмен кездесу» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 2-3жас

Зерттеу уақыты: 05.10.2023ж

Тобы: Кіші аралас ортаңғы «Балбөбек» тобы

Қатысқандар: 6

Әдістеме: «Қай қолымда» тренинг

Мақсаты:
Зейінді дамытатын ойын

Нұсқауы:

Психолог бір затты екі қолына алмастыра жасырып отырады. Затты екінші қолына ауыстырғанда арқасына тығып ауыстырады. Бала бәрін бақылап отырып, заттың қай қолда жасырынғандығын табуға әрекеттенеді. Ол үлкен кісінің қолдарынан көзін алмай, барынша ұқыпты болуға тырысады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Қай қолымда» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды. Бір-бірлеріне көмектесті

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: О.А.А.

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 4-5 жас
Зерттеу уақыты: 11.10.2023 ж
Тобы: Ересек аралас «Айгөлек» тобы
Қатысқандар: 15

Әдістеме: «Бір сөзбен ата»

Мақсаты:

Бір топқа біріктіруге болатын заттардың өзара қарапайым байланыстарын анықтау икемділіктерін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау.

Нұсқауы:

Осының арқасында оларды бір топқа біріктіруге болатын заттардың өзара қарапайым байланыстарын анықтау икемділіктерін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау.
Балаға сәбіз, қияр, қызанақ секілді бір топтық 4 заттық суреті көрсетіледі. Ол берілген 3 суретті жинақтаушы бір ұғыммен атауы тиіс.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Бір сөзбен ата» әдістемесін қызыға орындады. Балалар тапсырма орындау барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болып, бір-біріне жақсы көмектесті.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 4-5жас
Зерттеу уақыты: 13.10.2023ж
Тобы: Ересек аралас «Айгөлек» тобы
Қатысқандар: 9

Әдістеме: «Біреу көп» ойын

Мақсаты:


Біреу және көп түсініктерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту.

Нұсқауы:

Бір ойыншықты көрсту. Біреу деген түсініктерін қалыптастыру. Көп ойыншықты көрсету. Көп деген түсінікті қалыптастыру.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Біреу көп» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 3-4жас
Зерттеу уақыты: 20.10.2023 ж
Тобы: Ортаңғы аралас «Айгөлек» тобы
Қатысқандар: 8

Әдістеме: «Жағымды сөздер» ойын

Мақсаты:


Өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Нұсқауы:

Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Жүргізуші жағымды сөздер айта отырып, кез келген біреуге доп лақтырады. Допты алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез-келгенін таңдайды да, оған өз жағымды сөзін айтады, ойын жалғаса береді. Жағымды сөздер қысқа бір сөзден тұрса болады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Жағымды сөздер» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 2-3жас
Зерттеу уақыты: 24.10.2023 ж
Тобы: Кіші аралас «Балбөбек» тобы
Қатысқандар: 7

Әдістеме: «Мозайкамен жұмыс»


Мақсаты:
Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту

Нұсқауы:

Балаларға берілген мозайка ойындарымен ойнау үлгісін түсіндіру. Балалар өз
өиялдары бойынша суреттер құрастыру

Қорытындысы:

Барлық балалар «Мозайкамен жұмыс» қызыға ойнады. Балалар ойын
барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыналу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 2-3жас
Зерттеу уақыты: 27.10.2023 ж
Тобы: Кіші аралас «Балбөбек» тобы
Қатысқандар: 7

Әдістеме: «Тығылмақ» ойын

Мақсаты:


Балаларды қырағылыққа, ептілікке, бірлікке тәрбиелеу

Нұсқауы:

Санамақ арқылы жүргізуші сайлап алады. Жүргізуші белгіленген жерде көзін жұмып тұрады, ал басқа балалар тығылады. 1,2,3,4 – іздеуге шықтым, тауып алған баланың атын айтады. Осылай қйын жалғаса береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Тығылмақ» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 

Анықтама
Алдыңалу ағарту жұмыстары

Зерттеуші топ: 4-5жас
Зерттеу уақыты: 31.10.2023 ж
Тобы: Ересек аралас «Айгөлек» тобы
Қатысқандар: 15

Әдістеме: «Біреу көп» ойын

Мақсаты:

Біреу және көп түсініктерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту.

Нұсқауы:

Бір ойыншықты көрсту. Біреу деген түсініктерін қалыптастыру. Көп ойыншықты көрсету. Көп деген түсінікті қалыптастыру.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Біреу көп» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Зерттеуші: Педагог-психолог
Зерттеушінің қолы: 